

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы

Туризм және спорт

министрлігі

Спорт және дене шынықтыру  
істері комитетінің төрағасы

Р.Б. Есеналин

«31»

2025 жыл

«КЕЛІСЕМІН»

«Қазақстанның велосипед  
спорты федерациясы» РҚБ

бас хатшысы



Ж.Д. Сулейменов

2025 жыл

2026 жылғы тректегі велосипед спортынан Қазақстан  
Республикасының чемпионаттарын өткізу ережелері

1. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны  
мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту  
күндері

р/с	Күні	Орны	Спорттық жарыстардың атауы
1	08 – 11.01 2026ж.	Астана қ. “Сарыарқа велотрегі”	Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының кысқы чемпионаты.
2	14 – 20.05 2026 ж.	Астана қ. “Сарыарқа велотрегі”	Командалық спринттен ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Командалық спринттен және топтық жарыстан жасөспірім ұлдар мен қыздар (13-14 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Омниумнан, жекелей ізге түсу жарысынан, командалық спринттен юниор ұлдар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
3	27 – 31.07 2026 ж.	Астана қ. “Сарыарқа велотрегі”	Гит 1000 м., омниумнан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Юниор ұлдар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Спринттік омниумнан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Жасөспірім ұлдар мен қыздар (13-14 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
4	17 – 22.08 2026 ж.	Астана қ. “Сарыарқа велотрегі”	Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
5	28.10- 01.11 2026 ж.	Астана қ. “Сарыарқа велотрегі”	4 күндік топтық жарыстан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Спринттік омниумнан юниор ұлдар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты. Гит 500 м., командалық ізге түсу жарысынан жасөспірім ұлдар мен қыздар (15-16 жас) арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.

Жоғарыда көрсетілген кестедегі № 1 тармақтағы жарысқа юниор  
ұлдар мен юниор қыздарға қатысуға рұқсат.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2026 жылға арналған спорттық -бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарға, қатысушы ұйымдар мандат комиссиясынан өту және біліктілік курстарын өткізу (қажет болса) үшін жарыс басталуға бір (1) күн қалғанда келуі тиіс және жарыс аяқталған күні немесе егер жарыс кеш аяқталса, содан кейінгі күні кетуі тиіс.

Жарыстың бас төрешісі және бас хатшысы жарысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты сұрақтарды шешу үшін жарыс басталардан 48 сағат бұрын, ал жарыстың бас төрешісі 72 сағат бұрын шақыртылуы қажет.

## **2. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы**

Қазақстан Республикасының чемпионаттарында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2026 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесінің негізінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, тиісті ҚР әкімшілік-аумақтық бірлігінен: облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының командаларының велосипед спортынан спортшылары қатысады.

Қазақстан Республикасының чемпионаттарына кемінде 5 (бес) спортшы, кемінде 5 (бес) команда әрқайсысы және жеке бір облысты, республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қаласының атынан қатысқан жағдайда өткізіледі.

*Қатысушы командалар бірыңғай киіммен қатысуға міндетті, оның үлгісін мандат комиссиясынан өткен кезде көрсетеді.*

*Спортшылардың Қазақстан Республикасының чемпионаттарына, және республикалық жарыстарға Қазақстан Республикасының ұлттық киімімен (формамен) қатысуына тыйым салынады.*

**13-14 жастағы** жасөспірім ұлдар мен жасөспірім қыздар санатындағы жарыста арнайы құрал-жабдықтарды пайдалануға **тыйым салынады**, атап айтқанда: алдыңғы және артқы дискілі доңгелектер, алдыңғы және артқы қалақтар, жеке жарысқа арналған рульдер.

Жарысқа тиісті қатысушы паспорты бар спортшылар, команда өкілі, жаттықтырушылар, механиктер жіберіледі.

### **Қатысушылардың жасы мен жынысы**

Жарыс бағдарламасына сәйкес жарысқа қатысуға 4 (төрт) жас тобындағы командалар жіберіледі:

<b>Жасы</b>	<b>Туған жылы</b>
Ерлер және әйелдер	2007 ж.т. және одан үлкен
Юниор ұлдар мен юниор қыздар 17-18 жас	2008-2009 ж.т.
Жасөспірім ұлдар мен жасөспірім қыздар 15-16 жас	2010-2011 ж.т.
Жасөспірім ұлдар мен жасөспірім қыздар 13-14 жас	2012-2013 ж.т.

**Спорттық жарысқа қатысушылардың (жаттықтырушылар,  
төрешілер және басқа қатысушылар) сандық құрамы**

**Ерлер, юниор ұлдар, юниор қыздар, жасөспірім ұлдар мен жасөспірім қыздарға Қазақстан Республикасының чемпионатында мынадай талаптар қойылады:**

- облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының **4 қатысушысы** келесі бағдарламалар бойынша: Топтан шығу жарысы, Скретч, Гит, Спринт, Кейрин, Темпо, Омниум, Спринтерлік омниум. Бағдарламаның топтық жарыстарына іріктеу финалға 20 қатысушының біліктілік жарыстары арқылы өтеді.

- облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының **3 қатысушысы** келесі санат бойынша: Жекелей ізге түсу жарысы (жасөспірімдер, қыздар **2 қатысушыдан**);

- облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының **2 команданың** келесі санаттары бойынша: Командалық ізге түсу жарысы, командалық спринт, мэдисон.

**Әйелдерге Қазақстан Республикасының чемпионатында талаптар жоқ.**

Барлық жас санаттары чемпионаттың бес бағдарламасында қатысуға құқылы.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен спорттық – бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда қатысушы командаларда іссапарға жіберуші ұйымның есебінен **1 жаттықтырушы, 1 механик және 1 төреші** болуы тиіс.

**Бағдарламаның санаттары бойынша сандық құрамы:**

р/с №	Бағдарламаның түрі	Жас топтары бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының 2026 жылға арналған тізімдік құрамы
1	Жекелей ізге түсу жарысы	2
2	Ұпайлар бойынша топтық жарыс	2
3	Мэдисон	4 (2 жүл)
4	Скретч	2
5	Командалық ізге түсу жарысы 4 шақырым	8
6	Омниум	2
7	Топтан шығу жарысы	2
8	Гит 1000 метр о/м / Гит 500 метр о/м	2
9	Спринг	4
10	Командалық спринг	5

11	Кейрин	4
<b>Жиыны</b>		<b>37</b>

### **Төрешілер алқасының сандық құрамы:**

Тректегі велосипед спортынан жарыстарға төрешілік ету үшін халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) белгіленген қағидасына сәйкес келесі төрешілер алқасы талап етіледі:

Бас төреші	1
Бас төрешінің орышбасары	1
Бас хатшы	1
төреші-рефери	1
Стартер	1
Стартердің көмекшісі	1
Стартердің жалаудағы көмекшісі	2
Стартердің көмекшісі (қолдау)	6
Мәредегі аға төреші	1
Мәредегі төреші	4
Төреші «дерши»	1
Электронды хронометраж	3
Қол хронометражы	4
Бұрылыстағы төреші	4
Айналымдарды есептеудегі төреші	2
Станоктағы төреші	2
Велосипедгерді тексеру	2
Хатшы	2
Хатшы-хабарлаушы	1
Марапаттаудағы төреші	1
Қатысушылардың жанындағы төреші	1
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>42</b>

Тректен Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық жарыстарға «Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ бекіткен бас төрешілер алқасы қызмет көрсетуі тиіс. Бас төрешілер алқасы шешуші дауысы бар **5 (бес)** төрешіден (бас төреші, бас хатшы, бас төрешінің орышбасары, төреші - стартер, мәредегі аға төреші) құралады.

Қазақстан Республикасының барлық чемпионаттарында оның ұйымдастырушысы кім болғанына қарамастан, бас төрешінің санаты «Қазақстан Республикасының ұлттық төрешісі» дәрежесінен кем болмауы, ал қалған төрешілердікі «спорт бойынша төреші» санатынан кем болмауы тиіс.

### **3. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету**

#### **Медициналық - санитарлық қамтамасыз ету**

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2026 жылға арналған бұқаралық-спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген велосипед спортынан барлық жарыстарда, ұйымдастырушы тиісті денсаулық сақтау

органының медициналық қызметін тағайындайды. Медициналық қызметте ресми жаттығулар мен жарыс кезінде дәрігер, медициналық медбике болуы тиіс. Дәрігер, медициналық медбике болмаса, ресми жаттығулар мен жарыс өткізілмейді.

Жарысушылар ауыр жарақат алған кезде, тиісті есепке алу және есептілік құжаттамасын рәсімдеу, оларды жақын маңдағы травматологиялық қосынға уақтылы жөнелтуді қамтамасыз ету жарысқа қызмет көрсететін дәрігердің міндеті болып саналады. Тек жарысқа қызмет көрсететін дәрігер ғана, жарысушыны денсаулық жағдайына байланысты жарыстан шығарады (жарысушы кемінде 36 сағатқа жарыстан шығарылады).

#### **Допингке қарсы қамтамасыз ету**

Халықаралық олимпиада комитеті таныған және допингпен күресті жүзеге асыруға анықталған халықаралық ұйым, спорт жарысына қатысушыларды тестілеу үшін халықаралық стандарттардың талаптарын сақтай отырып, спорт жарыстарында міндетті допингтік бақылау өткізеді.

Барлық жарысқа қатысушылар БДҚА-нің допингке қарсы кодексінің ережелерін сақтауы тиіс. БДҚА-нің допингке қарсы кодексін бұзған спортшыларға санкциялар қолданылады.

Допингтік бақылаудың барлық хаттамалары «Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ-ге жолданады.

#### **4. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары**

Жарысқа қатысуға алдын - ала өтінімдер жарыстың басталуына **20 күн қалғанда**, «Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ-нің [info@cycling.kz](mailto:info@cycling.kz) сайтында ресімделуі тиіс немесе ұйымдастырушы көрсеткен электронды поштаға жіберілуі тиіс. Жарысқа қатысуға нысан бойынша толтырылған түпкілікті өтінім, команданың әр спортшысына қатысушы паспорты, жарыс өтетін орны бойынша мандат комиссиясына келген күні сағат 10-12 аралығында тапсырылады. Өтінімге енгізілген барлық спортшылар жарыс жолына шығуға міндетті.

20 күн бұрын алдын - ала өтінімдерді ұсынбаған командаларға, төрешілер алқасының шешімімен айыпшұл салынады.

Команданың өтінімінде көрсетілген және жарыс жолына (сореге) шықпаған жарысушыларға жарыс қағидасына сәйкес ақпалай айыпшұл салынады. Айыпшұл бас төрешілер алқасына есен беру үшін енгізіледі. Сол жарысушының айыпшұлын төлемеген команда, осы жарыстан шеттетілетін болады.

Әр-түрлі медициналық көрсетілімдер бойынша тек жарысқа қызмет көрсететін дәрігер ғана, өтінімде көрсетілген жарысқа қатысушыны жарыстан шығара алады. Жарысқа қатысушы дәрігердің анықтамасы бойынша жарысқа тек дәрігердің жарысқа қатысушыны жарыс күніне қатысудан босату туралы шешім қабылдаған соң, 36 сағаттан кейін қайта оралады.

Жарыс кезінде спорттық режим мен спорттық әдеп нормаларын (алкоголь ішу, төрешілермен келіспеу, төрешінің белгілерін орындамау, жарыс ережесін бұзу және өзге де құқық бұзушылықтар) бұзғаны үшін «Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ-нің тәртіптік комитеті мынадай санкциялар қолданады:

- қызмет көрсетуші персоналды (жаттықтырушылар, өкілдер, механиктер мен басқа тұлғаларды) жұмыс орны бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, команданы өкілеттігінен шығару;
- спортшыларды тұрғылықты жері бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, жарысқа қатыстырмау;
- бұзушылық қайталанса, «Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ Атқару комитетінің шешімімен 3-тен 6 айға дейін жарыстан шеттету.

### **Қаржыландыру шарттары**

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК** Қазақстан Республикасының чемпионаттарын бақылау және өткізумен байланысты мынадай шығыстарды көтереді: жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау (кубоктар, медальдар, дипломдар); баннерлер, төрешілердің еңбекақысын төлеу, тректің төсемін жалға алу, конференцияға арналған залды, допинг бақылауды өткізуге арналған бөлмежай (санитарлық торабы бар жеке бөлмежай) жалға алу, ҚР мемлекеттік жаттықтырушысының, бас және штаттағы жаттықтырушылардың іссапар шығындары.

**«Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ** Қазақстан Республикасының чемпионаттарын өткізумен байланысты мынадай шығыстарды көтереді: жарыс өтетін орынды алдын ала дайындау, фотофиништі, бейне және радио құрал-жабдықтарды, рацияларды дайындау мен безендіру, жарысушылардың нөмірлерін жасату, төрешілерді іссапарға жіберу (екі жаққа жолақысы, тәулікақы, орналастыру) шығындары.

Жарыс өтетін жердегі жергілікті басқарушы спорт ұйымдары шақыру билеттерін, афишаларды, вымпельдерді дайындау, арнайы жабдықты орнату бойынша жұмысшыларға ақы төлеу, арнайы жабдықты тасымалдау бойынша көлікті жалға алу, су беру және үй-жайларды жалға алу және қызмет көрсетуші персоналдың жұмысына ақы төлеу, жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттау бойынша шығындарды көтереді.

Командаларды іссапарға жіберуге байланысты шығындарды (жол жүру, тәуліктік, орналастыру, тамақтану, кенепті жалға алу, автокөлікті жалға алу, велосипедтерді сақтауға арналған үй-жай беру жөніндегі қызметтер және т.б.) іссапарға жіберуші ұйымдар (**облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының дене шынықтыру және спорт басқармалары және басқа да спорт ұйымдары**) көтереді.

### **5. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі**

Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, санаттарының әр түріндегі жеңімпаздар мен жүлдегерлер **1, 2, 3** орын үшін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің **I, II, III** дәрежелі тиісті дипломдарымен және медальдармен марапатталады. Санаттардың командалық түрлерінде (командалық ізге түсу жарысы, командалық спринт) біліктілік және командалық жарысқа қатысатын спортшылар тиісті дипломдармен және медальдармен марапатталады.

*Т.А.С. Рашит Умар*

Көпкүндік жарыстағы Қазақстан Республикасы чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері **1, 2, 3** орын үшін медальдармен және тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталады

Дәлелді себепсіз марапаттау рәсіміне шықпаған спортшылар, спорттық іс-шараның дипломдарымен және медальдармен марапаттау құқығынан айрылады.

### **Нәтижелерді бағалау жүйесі**

Мәреде жеңімпазды анықтау үшін фотофиниш жабдықталады және тіркейтін электронды аппаратура қойылады. Мәредегі төрешінің нәтижені тіркегені, мәреге жарысқа қатысушылардың келу тәртібінде әр-түрлі рейтингте және біліктілікте, басқа да орындарда келе жатқан жеңімпаздарды, жүлдегерлерді анықтауға негіздеме болады.

### **6. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау**

UCI халықаралық ережелеріне сәйкес (1.2.132-тармақ) наразылықтар қарауға қабылданбайды.

Жарыс процесінде даулы мәселелер бойынша қабылданған төрешілер алқасының шешімі халықаралық қағидалардың тиісті параграфына сілтеме жасай отырып, шабандоздар мен команда өкілдеріне түсіндіріледі.

Жарыс кезіндегі ерекше оқиғаларға қатысты барлық оқиғаларды төрешілер алқасы дереу қарауы керек.

Жарыс жүргізушілерінің жарыс ережелерін бұзғаны туралы мәліметтерді төрешілер алқасы тек төрешілер алқасының мүшелерінен ғана қабылдайды.

Егер мәре сызығында төреші анықтаған нәтижені өзгерту туралы наразылық туындаса, даулы мәселелер қаралмайды.